

Г.Ш. Акимбекова<sup>1\*</sup>, А.Н. Ахмет<sup>1</sup>, Ә.С. Әлиасқар<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

\*e-mail: [gulziraakimbekova@gmail.com](mailto:gulziraakimbekova@gmail.com)

## БІЛІМ БЕРУДЕ БАЛА ТІЛІНДЕГІ ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚОСТІЛДІЛІГІНІҢ КӨРІНІСІ (СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САУАЛНАМА НЕГІЗІНДЕ)

Қостілділік – әлемде кең таралған құбылыстың бірі. Мақалада қазақ-орыс қостілділігінің бала тілінде меңгерілуі анықталады. Қостілділіктің меңгерілу деңгейін анықтау үшін қазақ тілінде білім алатын және орыс тілінде білім алатын 2-сынып оқушыларына социолінгвистикалық сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға жалпы 31 оқушы қатысты. Сауалнама сұрақтары – 11. Берілген сұрақтар баланың танымдық ойлауы мен қазақ тілінің грамматикасын меңгеру деңгейін анықтау үшін қойылды.

Сондай-ақ мақалада қазақ-орыс қостілділігінің қалыптасу себептері мен тарихына шолу жасалды. Жалпы тіл біліміндегі қостілділіктің түрлері мен ерте жастан екі немесе бірнеше тілдің меңгерудің салдарлары көрсетілді.

«Ата-анаң үйде сенімен орыс тілінде \ қазақ тілінде қаншалықты жиі сөйлеседі?», «Орыс \ қазақ тіліндегі теледидар бағдарламаларын немесе фильмдерді қаншалықты жақсы түсінесің?», «Қазақ тілінде \ орыс тілінде оқу орыс тілінен\ қазақ тілінен гөрі қиын ба?», «Орыс тілінде / қазақ тілінде түсініп, сөйлей білу маңызды деп ойлаймын», «Қарындас деп кімді атаймыз?», «Қазақтың ұлттық ойынын тап», «Қойдың төлін қалай атаймыз?» секілді сұрақтар қойылды. Жүргізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша еліміздегі бала тіліндегі қазақ-орыс қостілділігінің салдары қазақ тілді баланың танымына, қазақ тілінде тілдік бірліктерді қате қолдануына әсер етіп жатқандығы анықталды. Сондай-ақ бала тіліндегі орыс тілінің грамматикасының әсерін және қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін оқушылардың қазақ тілінің грамматикасын меңгеру деңгейін анықтау үшін әлі де толыққанды зерттеулер жүргізілуі қажет екендігі көрсетілді. Қорытындылай келгенде, мақалада ерте жаста бала тек ана тілінде немесе тек бір ғана тілде білім алу керектігі пайымдалды.

**Түйін сөздер:** қостілділік, бала тіліндегі қостілділік, социолінгвистика, когнитивті лингвистика, қазақ-орыс қостілділігі.

G.Sh. Akimbekova<sup>1\*</sup>, A.N. Akhmet<sup>1</sup>, A.S. Aliaskar<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

\*e-mail: [gulziraakimbekova@gmail.com](mailto:gulziraakimbekova@gmail.com)

### Reflection of kazakh-russian bilingualism in children's language in education (based on a sociolinguistic survey)

Bilingualism is one of the phenomena that is widespread in the world. The article determines the assimilation of Kazakh-Russian bilingualism in children's speech. In order to determine the level of mastering bilingualism, a sociolinguistic survey of 2nd grade Kazakh and Russian language students was conducted. All in all 31 pupils took part in the survey. There were 11 questions in the questionnaire. They were asked to determine the level of cognitive thinking and learning the grammar of the Kazakh language by children.

The article also reviews the history and reasons for the formation of Kazakh-Russian bilingualism. The types of bilingualism in general linguistics and consequences of mastering two or more languages at an early age were shown.

Questions such as «How often do your parents talk to you at home in Russian\ Kazakh?», «How well do you understand TV programs or movies in Russian\ Kazakh?», «Is reading in Kazakh\ Russian more difficult than in Russian\ Kazakh?», «I think it is important to understand and speak Russian / Kazakh», «Who do we call 'karyndas'?», «Find the Kazakh national game», «What is a baby sheep called?» were asked. According to the results of the survey, it was found that the consequences of Kazakh-Russian bilingualism in children's speech in the country affect the cognition of the Kazakh-speaking child, the misuse of language units in the Kazakh language. It was also shown that full-fledged research is needed

to determine the impact of Russian grammar in children's speech and the level of acquisition of Kazakh grammar by students mastering Kazakh as a second language. The article concluded with the opinion that at an early age a child should be taught only in their native language or only one language.

**Key words:** bilingualism, bilingualism in children's language, sociolinguistics, cognitive linguistics, Kazakh-Russian bilingualism.

Г.Ш. Акимбекова<sup>1\*</sup>, А.Н. Ахмет<sup>1</sup>, Ә.С. Әлиасқар<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана

\*e-mail: gulziraakimbekova@gmail.com

### Отражение казахско-русского билингвизма в детской речи в образовании (по данным социолингвистического опроса)

Билингвизм – одно из явлений, которое широко распространено в мире. В статье определяется усвоение казахско-русского билингвизма в детской речи. Для определения уровня овладения двуязычием был проведен социолингвистический опрос учащихся 2-х классов, обучающихся на казахском и русском языках. Всего в опросе приняли участие 31 ученик. Вопросы анкеты – 11. Они были заданы для определения уровня познавательного мышления и усвоения грамматики казахского языка детьми.

В статье также проведен обзор истории и причин становления казахско-русского билингвизма. Показаны виды двуязычия в общем языкознании и последствия овладения двумя или несколькими языками в раннем возрасте.

Были заданы вопросы такого рода как «Как часто твои родители разговаривают с тобой дома на русском\ казахском языке?», «Насколько хорошо ты понимаешь телевизионные программы или фильмы на русском\ казахском языке?», «Читать на казахском\ русском языке сложнее, чем на русском\ казахском?», «Я думаю, что важно понимать и говорить на русском / казахском языке», «Кого мы называем «қарындас»?», «Найди казахскую национальную игру», «Как называется детеныш овцы?». По результатам проведенного опроса установлено, что последствия казахско-русского двуязычия в детской речи в стране влияют на познание казахоязычного ребенка, неправильное употребление языковых единиц в казахском языке. Также было показано, что для определения влияния грамматики русского языка в детской речи и уровня усвоения грамматики казахского языка учащимися, осваивающими казахский язык как второй язык, необходимо проведение полноценных исследований. В заключение в статье было высказано мнение, что в раннем возрасте ребенок должен обучаться только на родном языке или только на одном языке.

**Ключевые слова:** билингвизм, билингвизм в детской речи, социолингвистика, когнитивная лингвистика, казахско-русский билингвизм.

## Кіріспе

Посткеңестік кез келген басқа мемлекет сияқты Қазақстан да білім берудің саяси, идеологиялық және мәдени мазмұнында елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазіргі уақытта монолингв тұлғаның жастар мен балалар арасында кездесуі сирек. Басқаша айтқанда, қостілділік салдары екіжақты көрініс тауып отыр. Бірі – ана тілге деген ықпал болса, екіншісі – орыс тіліне ықпалы.

Билингвизм – әлемдегі балалардың жартысына жуығын қамтитын кең таралған құбылыс. Балалардың көпшілігі ерте жаста екі тілді де үйренеді (Цейтлин, Чиршева, Кузьмина, 2014: 28).

Ең алғаш билингвизм терминін ғылымға У. Вайнварх 1953 жылы тілдердің түйісуі (контакт) негізінде енгізеді (Абасилов, 2016: 147).

Билингвизм немесе қостілділік термині (лат. bi – «қос», lingua – «тіл») екі немесе одан да көп тілді меңгеру қабілетін білдіреді. Қостілді адам (билингв) – кем дегенде екі тілде сөйлей алатын адам. Сондай-ақ қостілділіктің әр түрлі талаптарға сәйкес бірнеше түрлері бар (Величкова, 2011: 31). Алғаш рет адамның жас ерекшеліктеріне байланысты Э. Хауген билингвизмнің 4 түрін көрсетті: нәресте – 0-1 жасқа дейін, бала – 1 жастан 12 жасқа дейін; жасөспірім – 12-ден 17 жас аралығын қамтыса, 17 жастан бастап ересек адамның қостілділікті игеруі (Цейтлин, 2014).

Қазақстандағы билингвизм тек жеке тұлға деңгейінде ғана емес, сонымен қатар қоғам деңгейінде де байқалады және тілдердің араласуы салдары әдеби тілде де көрініс тауып үлгерген. Біздің жағдайымызда балалар қостілділігіне үдере әсер етуші факторлардың бірі – заманауи

арналардың қостілді тұтынушыға бағытталғаны. Бұған олардың жоғары рейтингтері дәлел болса керек. Елдің көп бөлігі түсіну деңгейі тұрғысынан болсын орыс тілін білу көрсеткішіне ие болып отыр. Дегенмен балалардың көпшілігінің ата-анасына қарағанда екінші тілді жақсы білуі немесе балаларына қарағанда ата-аналардың екінші тілді жақсы білуі сияқты үрдістер де кездеседі. Осы тұста шет тілдерін (оның ішінде орыс тілін де) қандай көлемде және қандай ретпен оқыту керек, оқытуды (жалпы тілді меңгеруді) қашан бастау керек, қалай жаттығу керек деген орынды сұрақтар туындайды.

Әдетте, тілдердің араласуы оқытудың белгілі бір кезеңінде немесе қарым-қатынаста бір уақытта бірнеше тіл қолданылатын жағдайда жүзеге асады. Бұл құбылыс зерттеу пәні ретінде социолінгвистика, контрастивті лингвистика, психолінгвистика және т.б. тоғысында қарастырылады және ғылыми әдебиеттерде бір тілден екінші тілге ауысу кезінде тілдік кодтарды ауыстыру/араластыру ретінде талданады. Ауысу бейсаналық немесе қасақана, сөздердің ауысып түсуі құбылысы, өткен тәжірибеге көзқарас немесе жүгіну ретінде болуы мүмкін. Яғни тілдің қалыптасуы мен қолданылуына байланысты ана тіл немесе екінші тіл басым түсіп отырады.

Мақаламыздың негізгі мақсаты – еліміздегі қазақ-орыс қостілділігін меңгерген бала тіліндегі ерекшеліктерді және орыс тілінің қазақ тіліне, қазақ ұлтына қалай әсер ететінін анықтау. Сонымен қатар мақалада ана тілін толық меңгермеген ерте жастағы оқушыларға екінші тілді қатарластыра меңгерудің себептері мен салдарларына талдау жасалады.

Себебі ғалымдар жүргізген зерттеулердің нәтижесі бойынша 4-6 жас аралығындағы бала өзінің ана тілінің 50 % -ын меңгеретіндігін көрсетеді (Протасова, 2013: 22).

Л.В. Величкова, О.В. Абакумова екінші тілді меңгеру мезгіліне байланысты былай жіктейді: *ерте жастағы билингвизм* – балалық шақтан бастап екі тілді мәдениетте өмір сүруіне байланысты қалыптасады; *кеш қалыптасқан қостілділік* – екінші тілді үйрену бір тілді меңгергеннен кейін жоғары жаста болған кезде болады; *қатарласа меңгерілетін қостілділік* – бірінші тілдің кез келген деңгейін меңгеріп жатқан кезде, екінші тілді қатарласа меңгеру (Величкова, 2011: 35). Қатарласа меңгерілетін қостілділік біздің елімізде кең таралған құбылыс. Сол себепті де мақалада 1 жас-тан 12 жас аралығындағы бала тіліндегі қатарласа меңгерілетін қостілділік қарастырылады.

Өзгерімпаз әлемде тілдің рөлі даусыз: тілдерді білу жаңа мүмкіндіктер ашады; тұлға өзге мәдениеттерді танып, өзге тілде сөйлеушілермен тілдесу арқылы көкжиегін кеңейтеді. Шет тілдеріне деген қызығушылық «тіл білу – әлемге жол» дәрежесіне дейін өскенін білеміз. Оның үстіне жаһандану дәуірінде екі немесе одан да көп тілдерді білместен заманауи ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мүмкін емес екенін түсіну қиын емес. Осы тұрғыдан алғанда бала тілінің қостілділігі осы сипатта белең алуы керек деп білеміз. Яғни ешқандай екінші тіл оның ана тіліндегі ойлау дәрежесіне, құндылықтарына, саналы және бейсаналы түрде қалыптасқан түсініктеріне, тіпті сөйлеу дәрежесіне ықпалын тигізбеуі керек. Басқаша айтқанда қазақ баласының тілдік санасында өз ана тілі доминант болуы қажет. Бұл іс жүзінде мүмкін еместей болып көрінгенімен, білім беру үдерісінің механизмдері арқылы қол жеткізуге болатын дүние.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада орыс тілінің қазақ балаларына әсерін білу мақсатында, қазақ тілінде оқытылатын және орыс тілінде оқытылатын 2-сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. Сауалнама тілді меңгеру деңгейін, тілді меңгеруге деген көзқарасты білу үшін жасалды. Сауалнама 11 сұрақтан тұрады. Сауалнама Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№21 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілінде білім алушылары мен Алматы қаласы Білім басқармасының «М. Маметова атындағы № 28 мектеп-лицейнің» орыс тілінде білім алушыларына жүргізілді.

Сауалнамаға екі топ іріктелініп алынды: қазақ тілі өзінің ана тілі болып есептелетін оқушылар мен орыс тілі бірінші тілі болып есептелетін оқушылар. Сауалнамаға 31 оқушы қатысты. Барлық оқушылардың жасы – 7-8 жас аралығы.

Қазақ тілінде білім алатын 10 қыз және 11 ұл оқушы, барлығы 21 оқушы қатысты. Барлығының ұлты – қазақ. Қазақ мектептерінде орыс тілі аптасына 2 рет жүргізіледі. Орыс тілінде білім алатын 5 қыз және 5 ұл оқушы, барлығы 10 оқушы қатысты. Қатысушы оқушылардың ұлты: 6 қазақ, 1 өзбек, 1 неміс, 2 орыс. Орыс мектептерінде қазақ тілі аптасына 3 рет жүргізіледі.

## Әдебиеттерге шолу

Жалпы тіл білімінде бала тіліндегі билингвизмнің зерттелуін 3 кезеңге жіктейді: зерттеудің бастапқы кезеңі (1913-1939); классикалық кезең-теорияның қалыптасуы (1939-1975); қазіргі кезең – зерттеу мәселелерінің кеңеюі және тереңдеуі (XX ғасырдың соңғы ширегі – XXI ғасырдың алғашқы онжылдықтары) (Чиршева, 2019:14).

Мақалада әлемдік тіл білімінде қостілділікке қатысты Э. Биалисток (2003), Л.В. Величкова, О.В. Абакумова (2011), Г.Н. Чиршева (2019), Рафаел Арт Хавьер (2007), Е.Ю. Протасова, Н.М. Родина (2013), А.А. Залевская (2016) еңбектері қарастырылды.

Отандық тіл білімінде қостілділік мәселелері Э.Д. Сүлейменова, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, А.З. Бисенова, М.К. Исаев, Б. Хасанұлы, Ж.А. Римжановна, Д.Д. Шайбакова еңбектерінде айтылады. Б.Х. Хасанов қостілділікті әлеуметтік-лингвистикалық аспектіде (Хасанов, 1987), А.З. Бисенова политологиялық аспектіде (Бисенова, 2010), З.Ж. Кашкимбаева (Кашкимбаева, 2001) педагогикалық аспектіде қарастырады. Мақаламызда еліміздегі бала тіліндегі қостілділік социоллингвистикалық аспектіде қарастырылады.

Ш.Ж. Жарқынбекова Қазақстанда кең таралған билингвизм түріне «субординативті» типті жатқызады (Жарқынбекова, 2022: 473). Қостілділіктің бұл түрінде тұлға бір тілді екінші тілге қарағанда жақсы біледі. Сөйлеу әрекетінде бұл бір тілден екінші тілге ауысу арқылы байқалады. Екі тілдік жүйенің араласуы себепті сөйлеушінің тілінде интерферентті қателіктер орын алады. Зерттеушілердің пікірінше, бұл жағдайда сөйлеушінің санасында мазмұнның бір элементіне қатысты екітүрлі көрініс сәйкес келетін әлемнің бейнесі қалыптасады (Мирзоева, 2019: 46). Біздіңше, билингв балаларда да дәл осы құбылыс орын алады. Оның үстіне еліміздегі балалардың қостілділігін біріншіден арна, желі және т.б. сияқты құралдар жасанды тілдік орта ретінде қалыптастырып отырса, екінші жағынан білім беруде үдерісіндегі құзыреттіктерді мақсатты түрде қалыптастыру жасап отыр (мәселен, қазақ сыныбында жүргізілетін орыс тілі немесе орыс сыныбындағы қазақ тілі).

Қостілділікке қатысты білім берудегі педагогикалық аспектінің міндеті лингвистикалық, психологиялық және социоллингвистикалық аспектілерге негізделеді және қостілді меңгерген баланы оқытудағы ерекшеліктерді саралау, тілді меңгеру және қолдану қабілетін қарастыру болып

табылады. Сонымен қатар бұл психологиялық мәселе ретінде де қарастырылады. Бұл туралы Л.В. Выготский өзінің «К вопросу о многоязычии в детском возрасте» мақаласында атап көрсетеді (Выготский, 1983).

## Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Бұл бөлімде билингвизмнің зерттелу тарихына шолу жасалып, ерте жастан шет тілін үйренуге қатысты ғалымдардың пікіріне талдау жасай отырып, жүргізілген сауалнаманың нәтижесі талқыланады.

Қостілділік – белгілі себептердің негізінде болатын құбылыс. Ғалым Д.Д. Шайбакова қостілділіктің (көптілділіктің) бірнеше себептерін келтіреді. Бірінші немесе негізгі себеп – бірнеше тілдерде сөйлейтін адамдар арасындағы қарым-қатынастың тәжірибелік қажеттілігі және өз ойларын білдіруге деген ұмтылысты тудыратын күшті мотивацияның болуы. Екінші себеп – отарлау жағдайында екінші тілді күштеп еңгізу. Көбінесе мұндай билингвизм тілдің асимметриясына, тілдің ауысуына, тіпті ұлт тілінің жоғалуына әкеледі. Үшінші себеп – тілді ғылыми және танымдық мақсатта үйрену. Сондай-ақ бұл жағдайда екінші тіл ежелгі өлі тіл болуы мүмкін, мысалы, латын, ежелгі грек, санскрит, гот және т. б. Билингвизмнің дамуына себепші – әлеуметтік факторлар. Мемлекеттер арасындағы экономикалық және мәдени байланыстардың күшеюі екі тілді (немесе көп тілді) адамдар санының өсуіне әкеледі (Шайбакова, 2015: 32).

Ғалым З.К. Ахметжанова мемлекетіміздегі қазақ-орыс қостілділігінің даму және таралу кезеңін 4-ке бөледі. Бірінші кезең қазақ этносының қалыптасуы және мемлекет ретінде көрші мемлекеттермен қарым-қатынас орнатып, басқа ұлт өкілдерімен тілдік байланыс орнатуы. Екінші кезең Ресей мемлекетімен байланыстың кеңейіп, орыс халқының қазақ жеріне қоныс аударуы қазақ-орыс қостілділігінің қалыптасуы мен дамуы. Қазақстанда үштілділік пен көптілділік дамуының үшінші кезеңі кеңес заманында басталды, халықтың этникалық құрамында ұжымдастыру нәтижесінде 30-шы жылдардағы ашаршылық пен республика аумағына көптеген халықтардың күштеп жер аударылуы нәтижесінде түбегейлі демографиялық өзгерістер орын алды. Орыс ұлтының саны мемлекетімізде көбейеді. Төртінші кезең мемлекетіміздің тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ресми тіл ретінде қолданылады.

Орыс тілінің жерімізде үстемдік етуіне байланысты, орыс-қазақ қостілділігінің нәтижесі, 1999 жылғы зерттеу статистикасы бойынша 75 процент қазақ орыс тілін меңгергендігін көрсетеді (Алтынбекова, 2006: 31).

Б.Х. Хасанов та қазақ-орыс қостілділігінің даму кезеңін 4-ке бөледі. Бірінші кезең (1917-1937/1938) Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнығуы, социализмнің құрылуы, қазақ халқының социалистік ұлтқа топтасуының аяқталуы, қазақ ұлттық әдеби тілінің дамуы секілді оқиғалар қазақ-орыс қостілділігінің негізгі компонентін құрайды. Екінші кезеңде (1938-1945) – Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ-орыс қостілділігінде орыс тілінің дамуы. Үшінші кезеңде социализмнің орнығуы, қазақ-орыс қостілділігін дамытуға арнайы іс-шаралар жасауға шешім қабылданды. Төртінші кезеңде 1954 жылдардан қазіргі кезеңге дейін. Бұл кезең тың игеру кезеңімен сәйкес келеді. Бұл кезеңде білім беруді дамыту арқылы, қазақ-орыс қостілділігінің кең таралуын күшейтті (Хасанов, 1987: 98).

Е.А. Коноваловтың тұжырымдауынша, табиғи қалыптасу процесінде қостілділік дегеніміз қай тілдің айқын басымдыққа ие екендігі және қайсысы екінші дәрежелі екендігі белгілі бір тұлғаға байланысты шешіледі, ал белгілі бір тілдің басым түсуі тек шет тілдерін қолданудың барлық уақытында ғана емес, сонымен қатар әртүрлі әлеуметтік жағдайларда да өзгеруі мүмкін (Коновалов, 2011: 269).


Біз бала тіліндегі қостілділіктің көрінісіне қатысты М.Г. Богустың жіктеуіндегі негативті типтің сипатын өзекті деп білеміз (Богус, 2008: 47). Сонау 1890 жылдары Кембридж университетінің профессорларының бірі бірнеше тілді білу және оны күнделікті өмірде белсенді қолдану адамның интеллектуалды ғана емес, рухани даму деңгейін де айтарлықтай төмендетеді деген ұстанымды белсенді түрде алға тартқан. Бұл бала тіліндегі

қостілділіктің сипатын анық көрсетсе керек. Тіл біліміндегі билингвизмге қатысты позитивті идеялар мен қорытындылар кейінгі уақытта едәуір дамығанымен, бала тіліне қатысты қостілділік немесе көптілділік белгілі бір деңгейде оның ана тілінің жүйесіне, баланың психологиялық дамуына да әсерін тигізеді. Оның үстіне біздің жағдайымызда бала тіліндегі екінші тіл ауызекі сөйлеу тілі ретінде көрініс тауып отырғандықтан, оның ықпалы әлдеқайда зор болмақ. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының аумағында қалыптасқан тілдік жағдайды ескере отырып, орыс тілі басқа шет тілдерін үйренуге елеулі әсер етеді деп сеніммен айтуға болады, өйткені ол ұзақ уақыт бойы қазақ халқының арасында актив тіл ретінде тұрақты қолданыс тауып келеді, ол билингвтердің санасында терең тамыр жайған деп әбден айтуға болады. Егер белгілі бір тілді қолдану тек ресми емес, сонымен қатар тұрмыстық, отбасылық жағдайда да орын алатын болса, онда оны доминант тіл ретінде бекіту өте нақты тәжірибе болып табылады. Біздің алаңдатып отырған мәселе де – осы, билингв қазақ баласы үшін доминант тіл өз ана тілі болуы керек.

Яғни осы мәліметтерге сүйене отырып, елімізде орыс тілін екінші тіл ретінде үйрену бүгін қалыптасқан құбылыс емес екенін нақты айта аламыз. Сол себепті де қазақ тілінде білім алатын оқушыларға «Ата-анаң сенімен орыс тілінде қаншалықты жиі сөйлеседі?» және орыс тілінде білім алатын оқушыларға «Ата-анаң сенімен қазақ тілінде қаншалықты жиі сөйлеседі?» деген сұрақтар қойылды. Сұрақ нәтижесі бойынша қазақ тілінде білім алатын оқушылардың жауабы: *ешқашан – 12 оқушы, күніне кем дегенде бір рет – 4 оқушы, айына кем дегенде бір рет – 3 оқушы, аптасына кеміне бір рет – 1 оқушы жауап берген. Сауалнама нәтижесі бойынша 60 % оқушы үйінде таза қазақша сөйлесетіндігін аңғарамыз.*



1-диаграмма – Қазақ тілінде білім алатын оқушылардың орыс тілінде ата-анасымен қаншалықты дәрежеде сөйлесетіндігінің нәтижесі



2-диаграмма – Орыс тілінде білім алатын оқушылардың қазақ тілінде ата-анасымен қаншалықты дәрежеде сөйлесетіндігінің нәтижесі


Ал орыс тілінде білім алатын оқушылардың нәтижесіне келетін болсақ:

*Ешқашан жауабын – 6 оқушы, күнде жауабын – 3 оқушы, айына бір рет жауабын – 1 оқушы көрсетеді.*

Сауалнама нәтижесі бойынша 60 % оқушы үйінде таза орысша сөйлесетіндігін аңғарамыз.

У.Ф. Макки мен Ф. Грожан зерттеулерінде қазіргі таңда компьютерлік технология мен әлемдік телекоммуникация желісінің тез дамуы әр түрлі тілдердің өзара байланысына себеп болатындығын сөз етеді. Әлемнің көптеген тілдік қауымдастықтары көші-қонсыз-ақ интернеттің көмегі арқылы мәдени және тілдік өзара әрекеттесу мүмкіндігіне оңай ие болуы. Оған бір себеп ретінде дамымаған елдерде шетелдік бағдарламалар мен жаңалықтар, фильмдердің тез таралуы мен насихатталуын айтуға болады (Rafael Art. Javier, 2007). Көрсетілген себептер біздің елімізде де орын алуда. Сондай-ақ

мемлекетіміздегі жүргізіліп келе жатқан тілдік саясаттың нәтижесінде, орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар бір дәрежеде қолданылып келе жатқаны бәрімізге белгілі. БАҚ өкілдері ақпаратты қазақ тілімен жарыстырып орыс тілі арқылы да таратады. Бұл жағдаяттардың барлығы бала тіліне өз әсерін тигізетіндігі анық. Сол себепті де сауалнамаға қазақ тілінде білім алатын оқушылар үшін, орыс тіліндегі бағдарламаны қаншалықты деңгейде түсінесің деген сұрақ берілді. Сұрақтың нәтижесі: *мен аздап түсінемін жауабын – 6 оқушы, мен біраз түсінемін – 2 оқушы, мен өте жақсы түсінемін – 9, мен ештеңе түсінбеймін деп – 4 оқушы жауап берді.* Сауалнама нәтижесі бойынша сауалнамаға қатысушы қазақ тілінде білім алатын 2-сынып оқушыларының ішінде орыс тіліндегі ақпараттан ештеңе түсінбейтіні 19 % құрайды. Ал 81 % оқушы әртүрлі деңгейде орыс тіліндегі ақпаратты қабылдай алады.



3-диаграмма – Қазақ тілінде білім алатын оқушылардың орыс тіліндегі БАҚ-тың ақпаратты түсінуі

Орыс тілінде білім алатын оқушылар үшін, керісінше қазақ тіліндегі БАҚ құралдарындағы қазақ тілін қаншалықты түсінетіндігін анықтау үшін «Қазақ тіліндегі теледидар бағдарламаларын немесе фильмдерді қалай түсінесің?» деген сұрақ қойылды. Берілген сұрақ жауабының

нәтижесі: мен өте жақсы түсінемін жауабын – 6 оқушы, біраз түсінемін жауабын – 1 оқушы, аздап түсінемін жауабын – 3 оқушы көрсетеді. Сұрақ нәтижесі бойынша 60 % оқушы өте жақсы түсінемін деп жауап берген. Басқа оқушылар қазақ тілін әртүрлі деңгейде түсіне алады.



4-диаграмма – Орыс тілінде білім алатын оқушылардың орыс тіліндегі БАҚ-тың ақпаратты түсінуі


Сондай-ақ қазақ тілінде білім алатын оқушыларға «Қазақ тілінде оқу орыс тілінде оқудан гөрі қиын ба» деген сұрақпен «Орыс тілінде түсініп, сөйлей білу маңызды деп ойлаймын» деген пікір берілді. Оқушылардың

жауабы бойынша диаграммада көрсетілгендей 81 %-і екі тілде де білім алудың бірдей қиыншылығы бар екенін көрсетеді. Сауалнамаға қатысушы оқушылардың 10 % қазақ тілінде оқу қиынырақ десе, 9 % орыс тілінде оқу қиын деп жауап береді.




5-диаграмма – Қазақ тілінде білім алатын оқушылардың «Қазақ тілінде оқу орыс тілінен гөрі қиын ба?» деген сұрақтың нәтижесі

«Орыс тілінде түсініп, сөйлей білу маңызды деп ойлаймын» деген пікірге оқушылардың көзқарасына жауап нәтижелері: *келісемін және толықтай келісемін – жалпы 81 %, келіспеймін және мүлдем келіспеймін – 19 % құрайды.*



6-диаграмма – Орыс тілінде түсініп, сөйлей білу маңызды деп ойлаймын пікіріне қазақ тілінде білім алушы оқушылардың берген жауабының нәтижесі

Ендігі кезекте орыс тілінде білім алушыларға қойылған «Орыс тілінде оқу қазақ тілінен гөрі қиын ба» деген сұрақтың нәтижесі бойынша оқушылардың берген жауап нәтижесі: *екі тілде де бірдей – 60 %, жоқ, қазақ тілінде оқу қиынырақ – 30 %, иә, орыс тілінде оқу қазақ тіліне қарағанда қиынырақ – 10 % көрсетеді.*




7-диаграмма – Орыс тілінде білім алушы оқушылардың жауаптары



«Қазақ тілінде түсініп, сөйлей білу маңызды деп ойлаймын» пікіріне орыс тілінде білім алушы оқушылардың көзқарасы: келіспеймін жауабын – 2 оқушы, келісемін жауабын –

5 оқушы, толықтай келісемін жауабын – 3 оқушы көрсетеді. Сауалнамаға қатысушы 80 % оқушының пікірмен келісетіндігін байқаймыз.



8-диаграмма – Орыс тілінде білім алушылардың жауабы

Л. Экстранд, В. Джон Стайнер, Л.С. Выготский секілді ғалымдардың зерттеу жұмыстарында жасы үлкен балалар жасы кіші балаларға қарағанда екінші тілді танымдық және тілдік аспектіде сәтті меңгереді деген тұжырым жасайды. Л. Экстранд бала тілінің тілдік және когнитивті дамуына сәйкес шет тілін меңгерудің тиімді жасы деп он бір жастың төңірегін көрсетеді. Сондай-ақ ғалым Л.С. Выготский екінші шет тілін меңгеру деңгейі ана тілін қай деңгейде меңгергендігіне тікелей тәуелді болатындығын айтады (Залевская, 2016: 26).

Орыс ғалымдары Л.А. Шайгерова, Р.С. Шилко, Ю.П. Зинченко зерттеулерінде қостілділік пен көптілділіктің адамның танымдық және жеке дамуына да, қоғамға да артықшылықтар бермейтіндігін сөз етеді (Шайгерова, Шилко, Зинченко, 2019: 11). Керісінше қостілді адамдар біртүрлі меңгерген адамдарға қарағанда танымдық қызмет, жеке дамуда біршама қиындықтарды жеңуге мәжбүр болады. Қоғам үшін қостілді және көптілді халықтың көп болуы этнолінгвистикалық қақтығыстардың пайда болуына себеп болады. Оның үстіне тілдердің ресми дәрежелері мен тілдік ұжымның өміріндегі мәнін анықтайтын тілдік жағдаят та өз әсерін тигізеді (Майоров, 1998).

Осы ғалымдар келтірген себептердің негізінде оқушылардың ұлттық таным деңгейін

анықтау мақсатында «Қойдың төлін қалай атаймыз?», «Қазақтың ұлттық ойынын белгіле», төрт түлік малдың төлдерін дұрыс атауға қатысты тапсырмалар берілді. Тапсырмалар орыс тілінде білім алушы оқушылардың қазақ тілі оқулығы бойынша әзірленді. Қатысушы екі топқа да бірдей сұрақтар мен тапсырмалар берілді.

Қазақтың ұлттық ойынын белгіле деген тапсырма берілді. Қазақ тілінде білім алушы оқушылардың барлығы сауалнамада асық ойнау жауабын көрсетсе, ал орыс тілінде білім алушылардың 80 % асық ойнау жауабын береді. Қалған 20 % оқушы футбол ойнау және волейбол ойнау жауаптарын көрсетті.

Қазақ тіліндегі қарындас сөзінің мағынасын екі топ қатысушылары да жақсы түсінеді және анықтамасын бере алады. «Қойдың төлін қалай атаймыз» сұрағына орыс тілінде білім алушы оқушылардың 90 % қошақан жауабын көрсетсе, қазақ тілінде білім алушы оқушылардың 33 % қошақан жауабын көрсетеді. Не себепті осындай нәтиже алдық? Осы орайда ғалым Э.Биалисток (Bialystok, 2003: 232) зерттеулерінде қостілді меңгерген, қостілді ортада өмір сүретін балаларда тілдік және когнитивті қабілеттерімен қатар, дүниені тануымен әлеуметтік бірегейлігіне де әсер ететін басқа көзқарас бар деген пікірімен толықтай келісеміз. Сондай-ақ

Э. Биалисток қостілділіктің бұндай әсер етуін біз ешқандай құрылғы, әдіс-тәсілмен өлшей алмайтындығымызды айтады.

Қазақ тілінде білім алушылардың аз нәтиже көрсетуінің негізгі себебі, оқушылардың төрт түлік малмен тығыз қарым-қатынаста болмауы және қазақтың танымына қатысты ақпараттың аздығы. Сауалнамада қазақ тілді балалар лақ жауабын – 57 %, қошақан жауабын 33 %, құлыншақ және бұзу жауабын – 5 % көрсетеді.

Ал орыс тілінде білім алушы балалар төрт түлік мал атауыларына қатысты танымды ақпаратпен оқу бағдарламасында өткендіктен жоғары нәтижені көрсетіп тұр.

Барлық қатысушыларға төмендегідей сұрақ берілді:

*Қайсысы дұрыс?*

- A. Түйенің төлі – қошақан
- B. Ешкінің төлі – бұзау
- C. Жылқының төлі – құлыншақ
- D. Сиырдың төлі – лақ

Сұрақ нәтижесі бойынша «жылқының төлі – құлыншақ» дұрыс жауабын қазақ тілді балалардың 86 % белгілесе, орыс тілді балалардың 80 % белгіледі.

Қазақ тілінің грамматикасын қолдану және игеру деңгейін анықтау мақсатында, оқушыларға төмендегідей сұрақ қойылды.

*Қай сөйлем дұрыс?*

- 1. Менің он қарындашым бар.
- 2. Менің он қарындаштарым бар.

Қазақ тілінде білім алушы оқушылардың 86 % «менің он қарындаштарым бар» сөйлемін дұрыс жауап ретінде көрсетеді. Бұл қазақ тіліндегі орыс тілінің ықпалынан қалыптасқан қате қолданыстың бірі. Алайда, орыс тілінде білім алушы оқушылардың 80 % «менің он қарындашым бар» нұсқасын дұрыс жауап деп белгілейді. Осы орайда есте сақтауымыз керек бір жайт, сауалнама нәтижесі шектеулі, себебі орыс тілінде білім алушы қатысушылардың саны

қазақ тілінде білім алушыларға қарағанда 2 есе аз. Сол себепті сауалнамадағы сұрақ нәтижесі аталған жайттың нақты сипатын бере алмауы мүмкін. Сондай-ақ алдағы уақытта орыс тілінде білім алушы балалардың қазақ тілінің грамматикасын меңгеру деңгейін толыққанды анықтау үшін, жан-жақты зерттеу жұмысын жүргізу қажет.

### Қорытынды

Қорытындылай келгенде мақаламыздың негізгі мақсаты бойынша, еліміздегі қазақ-орыс қостілділігін меңгерген бала тіліндегі ерекшеліктерімен және орыс тілінің қазақ тіліне, қазақ ұлтына қалай әсер ететіні анықталды.

Анықтау барысында қазақ тілінанатіліретінде және орыс тілін бірінші тіл ретінде қолданатын 2-сынып оқушыларына социолингвистикалық сауалнама жүргізілді. Еліміздегі бала тіліндегі қазақ-орыс қостілділігінің салдары қазақ тілді баланың танымына, қазақ тілінде тілдік бірліктерді қате қолдануына әсер етіп жатқандығы анықталды. Сондай-ақ бала тіліндегі орыс тілінің грамматикасының әсерін және қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін оқушылардың қазақ тілінің грамматикасын меңгеру деңгейін анықтау үшін әлі де толыққанды зерттеулер жүргізілуі қажет. Қазіргі таңда бала тіліндегі қостілділіктің қалыптасуына интернет арқылы әлеуметтік желілердегі танымдық ақпараттардың, БАҚ құралдардың әсері бар екендігі көрсетілді. Сонымен қатар қазақ ұлты үшін, қазақи болмыс пен танымымызды сақтау үшін мектеп оқулықтарында, БАҚ құралдарында бала тілін дамытуға арнайы бағдарламалар қажет. Сауалнама нәтижесі бойынша және ғалымдардың жүргізген зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, ерте жаста бала тек ана тілінде немесе тек бір ғана тілде білім алу керектігі пайымдалды.

### Әдебиеттер

Цейтлин С.Н., Чиршева Г.Н., Кузьмина Т.В. Освоение языка ребенком в ситуации двуязычия. Научная монография. – Санкт-Петербург: «Златоуст», 2014. – 140 б.

Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. – Алматы: «Асыл кітап», 2016. – 248 б.

Величкова Л.В. Путь к языку. Данные речевого онтогенеза. Билингвизм / Л. В. Величкова, О. В. Абакумова / под ред. проф. Л.В. Величковой: Воронеж. гос. ун-т. – Воронеж: издательско-полиграфический центр Воронежского государственного университета, 2011. – 58 с.

Протасова Е.Ю., Родина Н.М. Многоязычие в детском возрасте. 3-е электронное издание. – Санкт-Петербург: «Златоуст», 2013. – 276 с.

- Чиршева Г.Н. Возрастная билингвология. – 2-е изд. – Москва: «Издательство Юрайт», 2019. – 185 с. Bialystok E. Bilingualism in Development: Language, Literacy and Cognition. Cambridge: «Cambridge University Press», 2003. – 281 p.
- Rafael Art. Javier . The Bilingual Mind Thinking, Feeling and Speaking in Two Languages. – New York: Springer Science+Business Media, LLC, 2007. – 150 p.
- Залевская А.А. Введение в теорию учебного двуязычия: учебник для магистрантов [Электронный ресурс]. – Тверь: Твер. гос. ун-т., 2016. – 269 с.
- Хасанов Б.Х. Казахско-русское двуязычие (Социально-лингвистический аспект). – Алма-Ата: Наука, 1987. – 200 с.
- Бисенова А.З. Развитие двуязычия – важнейший фактор укрепления межнационального общения в Республике Казахстан: политологический анализ. Автореферат. – Алматы, 2010.
- Кашкимбаева З.Ж. Формирование культуры межнационального общения младших подростков средствами двуязычия (казахско-русского): Дисс. к.пед.н. – Алматы: АГУ, 2001.
- Жаркынбекова Ш.К., Чернявская В.Е. Казахско-русская билингвальная практика: смешение кода как ресурс в коммуникативном взаимодействии // Вестник Российского университета дружбы народов. – 2022. – №2 (13). – С. 468-482.
- Мирзоева Л.Ю., Ахметжанова З. К. К вопросу об интерферентных ошибках как элементе языкового ландшафта в условиях субординативного полиязычия // Вестник Томского государственного университета. Филология. – 2019. – №60. – С. 45–65.
- Выготский Л.С. К вопросу о многоязычии в детском возрасте: собрание сочинений. – М.: Педагогика, 1983. – 135 с.
- Шайбакова Д.Д. Социально-языковая контактология. – Алматы: «Улагат», 2015. – 192 с.
- Алтынбекова О.Б. Этноразноязычные процессы в Казахстане: монография. – Алматы: «Экономика», 2006. – 415 с.
- Коновалов Е.А. Проблема определения билингвизма // Ученые записки Таврического национального университета им. В.И. Вернадского. – 2011. – Т. 24, № 63(1). – С. 263-271.
- Богус М.Б. Влияние билингвизма на интеллектуальное развитие личности обучающихся // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия «Педагогика и психология». – Майкоп: Изд-во АГУ. – Вып.7, 2008. – С. 47-53
- Шайгерова Л.А., Шилко Р.С., Зинченко Ю.П. Двуязычие и многоязычие как междисциплинарный феномен: социокультурный контекст, проблемы и перспективы исследования // Национальный психологический журнал. – 2019. № 1(33). – С. 7.
- Майоров А.П. Социальный билингвизм и языковое пространство. – Уфа: БТУ, 1998. – 159 с.

## References

- Abasilov A. (2016) Aleumettik lingvistika [Social linguistics]. Almaty: «Asyl kitap». (in Kazakh)
- Altynbekova O.B. (2006) Etnoyazykovye processy v Kazahstane [Ethno-linguistic processes in Kazakhstan]. Monografiya. Almaty: Almaty: «Ekonomika» (In Russian)
- Bialystok E. (2003) Bilingualism in Development. Language, Literacy, and Cognition. Cambridge University press.
- Bisenova A.Z. (2010) Razvitie dvuyazychiya – vazhnejshij faktor ukrepleniya mezhnacional'nogo obshcheniya v Respublike Kazahstan: politologicheskij analiz [The development of bilingualism is the most important factor in strengthening interethnic communication in the Republic of Kazakhstan: political analysis]. Almaty, Avtoreferat. (In Russian)
- Bogus M.B. (2008) Vliyanie bilingvizma na intellektual'noe razvitie lichnosti obuchaemyh [The influence of bilingualism on the intellectual development of students] // Vestnik Adygejskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Pedagogika i psihologiya», Majkop: Izd-vo AGU, 7, 47-53. (In Russian)
- Chirsheva G.N. (2019) Vozrastnaya bilingvologiya [Age-related bilingualism]. 2-e izd. Moskva: «Izdatel'stvo YUrajt» (In Russian)
- Khasanov B.H. (1987) Kazahsko-russkoe dvuyazychie (Social'no-lingvisticheskij aspekt) [Kazakh-Russian bilingualism. (Socio-linguistic aspect)] Alma-Ata: Nauka. (In Russian)
- Kashkimbayeva Z.Zh. (2001) Formirovanie kul'tury mezhnacional'nogo obshcheniya mladshih podrostkov sredstvami dvuyazychiya (kazahsko-russkogo) [Formation of the culture of interethnic communication of younger adolescents by means of bilingualism (Kazakh-Russian)]. Diss. k.ped.n. Almaty. (In Russian)
- Konovalev E.A. (2011) Problema opredeleniya bilingvizma [The Problem of Defining Bilingualism] // Uchenye zapiski Tavricheskogo nacional'nogo universiteta im. V.I. Vernadskogo, 24, № 63(1), 263-271. (In Russian)
- Mayorov A.P. (1998) Social'nyj bilingvizm i yazykovoe prostranstvo [Social bilingualism and language space]. Ufa: BTU. (In Russian)
- Mirzoyeva, L. & Akhmetzhanova, Z.K. (2019). Interference Errors in the Frame of Subordinate Multilingualism. Tomsk State University Journal of Philology, 60, 45–65. (In Russian)
- Protasova E.Y., Rodina N.M. (2013) Mnogoyazychie v detskom vozraste [Multilingualism in childhood]. 3-e elektornnoe izdanie. Sankt-Peterburg: «Zlatoust». (In Russian)
- Rafael Art. Javier (2007) The Bilingual Mind Thinking, Feeling and Speaking in Two Languages. New York: Springer Science+Business Media, LLC.
- Shaibakova D.D. (2015) Social'no-yazykovaya kontaktologiya [Socio-linguistic contactology]. Almaty: «Ulagat». (In Russian)
- SHajgerova L.A., SHilko R.S., Zinchenko YU.P. (2019) Dvuyazychie i mnogoyazychie kak mezhdisciplinarnyj fenomen: sociokul'turnyj kontekst, problemy i perspektivy issledovaniya [Bilingualism and multilingualism as an interdisciplinary phenomenon: socio-cultural context, problems and prospects of research]. Nacional'nyj psihologicheskij zhurnal. 1(33), 7. (In Russian)

Tseitlin S.N., Chirsheva G.N., Kuzmina T.V. (2014) Osvoenie yazyka rebenkom v situacii dvuyazychiya. [Language acquisition by a child in a bilingual situation]. Nauchnaya monografiya. St. Petersburg: «Zlatoust». (In Russian)

Velichkova L.V., Abakumova O.V. (2011) Put' k yazyku. Dannye rechevogo ontogeneza. Bilingvizm [The path to language: Data of speech ontogenesis. Bilingualism]. / L.V. Velichkova, O.V. Abakumova /pod red. prof. L.V. Velichkovej: Voronezh. gos. un-t. Voronezh: izdatel'sko-poligraficheskij centr Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta (in Russian)

Vygotskij L.S. (1983) K voprosu o mnogoyazychii v detskom vozraste: sobranie sochinenij [On Multilingualism in Childhood: A Collection of Essays]. M.: Pedagogika. (In Russian)

Zalevskaya A.A (2016). Vvedenie v teoriyu uchebnogo dvuyazychiya: uchebnik dlya magistrantov [Introduction to the theory of educational bilingualism: textbook for undergraduates] [Elektronnyj resurs]. Tver: Tver State University. (in Russian)

ZHarkynbekova SH.K., CHernyavskaya V.E. (2019) Kazahsko-russkaya bilingval'naya praktika: smeshenie koda kak resurs v kommunikativnom vzaimodejstvii [Kazakh-Russian Bilingual Practice: Code Mixing as a Resource in Communicative Interaction] // Vestnik Rossijskogo universiteta druzhby narodov. №2 (13), 468-482. (in Russian)